

Жақсыбай ауылы

Жақсыбай ауылдық округі – ауыл, әкімшілік округ орталығы. Аудан орталығы Жәнібек ауылынан солтүстікке қарай 145 км жерде, жусаны аралас еркекшөп, көде, көкпек өскен сортанды, бозғылт-қоңыр топырақты дала белдемінде орналасқан. XX ғ. Басында Ресейдің бай адамдары Сары өзенді өтіп, Жақсыбай жеріне егін еккен. Сол жерлер бұл күнде сол адамдардыңатымен «Филипп», «Паник» деп аталады. 1929 жылы Казталовқаға қараған қыстақтарда жерді бірлесіп өңдеу ТОЗ құрылған. 1930 жылдары алғашқы ұжымдық шағын ұйымдар құрыла бастайды. 1940 жылы колхозшылар ұйғарымы бойынша ұжымшарға СК-4 комбайынын сатып алды. Сол кезде ауыл азаматтары М.Муханбетжанов, С.Молдағалиев басқарма жұмыстарын атқарған. 1943-1951 жж. Колхозды басқарған Т.Досқалиев. 1952 жылы Орда ауданы таратылуына байланысты Жиекқұм ауылының Жұлдыз, Алғабас жымшылары олардан бұрын Борсы ауылының Энгельс пен Бірлік колхоздары Свердлов ұжымшарына қосылған. Барлығы Орда ауылынан 60 отбасы көшіп келген. Ұжымшарды Биарыстанов, ауылдық кеңесті Ғұбашев басқарған, Ғ.Ермеғалиев колхоз басқармасының орынбасары, Сұлтанов мал дәрігері, Ж.Бекенов техник, Ә.Зейінов есепші, Ғ.Еникеев, Р.Ғұсманов сатушы болып етті. 1961 жылдың наурыз айында Свердлов ұжымшары Талов савхозына қосылып, оның №5 фермасы болған. 1961-1963 жж. Аралығында Жақсыбай селолық Кеңесі болып аталды. Свердлов кеңшары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1965 жылғы 15 қаңтардағы №38 қаулысына сай Талов совхозын ықшамда арқылы құрылған. Алғашқыда 4 бөлімше болған. Оның территориясында 26 елді мекен, 1676 адамнан тұратын 360отбасы болған. Шаруашылық негізі қой өсіру болғанымен, ірі қара жылқы өсірген, егін салумен айналысқан. Кеңшардың алғашқы директоры Мулкай Зулкашев 1965-1975 болды. 1967 жылы селолық Кеңесі Свердлов болып қайта құрылды. 1969 жылы тәулігіне 3 тонна нан өнімдерін дайындатып наубайхана, 1973 жылы тәулігіне мал азығын өңдейтін цех және «ЗАВ-20» маркалы механикаландырылған қырман, әрқайсысы 800 бас қойға есептелген қора, 1977 жылы азық-түлік дүкені, 1978 ж. кеңшар кеңсесі, аурухана, 1979 ж. 20 автомашиналық гараж, 25 тракторлық жөндеу шеберхана, тұрмыстық үй, 1980 ж. 300 орындық клуб, 1981 ж. 464 орындық мектеп, 1987 ж. тәулігіне 40 тонна мал азығын дайындайтын цех, 1922 жылы фельдшерлік-акушерлік пункт, 2 байланыс бөлімшесі халыққа қызмет көрсетті. Селолық Кеңес тұрғындарының сауда жөніндегі сұранысын Талов кеңшарының жұмысшылар кооперациясы өтеді. Свердлов атындағы кеңшар үйлер салынып, жаңадан техника келіп, халық жұмысқа тартылды. Егін, мал шаруашылығы көтерілді. 1976-1982 жж. А.Уалиев кеңшар директоры болған. Осы кезде мал шаруашылығын көтеру мақсатында қойды 50 млн.ға жеткізу девизімен «Өркен» атты жастар бригадасы құрылды. 1974 Жақсыбай ауылында 464 орындық орта мектептің құрылысы басталды. Селолық Кеңес атқару комитетінің 1975 жылы 12 мамырдағы шешімімен совхоздың орталығы – Жақсыбай ауылында тарихи революциялық музей

ұйымдастырылды. 1976 жылдың маусым айында Жақсыбай селосында 50 орындық балалар бақшасы пайдалануға берілді. 1982 жылы Свердлов орталықтандырылғын клуб жүйесі құрылды. 1980 ж. «Орбита – 4» жүйесінен хабар алатын телемұнара халық игілігіне ұсыналды. Жақсыбай жерінде Ұлы Отан Соғысында қаза тапқан боздақтарға арналып, жерлестері атынан Даңкobelіскісі орнатылды. 1966 жылы желтоқсан айында өндірістік кооператив ұйымдастырылып, өндірістік кооператив басқармасының төрағасы Ө.Хақимов болды. Ө.Хақимов осында басшы болып келгелі құрылыс саласында бірқатар жарқын істер шешімін тапты. Құрылыс маманы ретінде бұл салаға бірінші кезекте баса көңіл бөлді. Соның нәтижесінде кооператив орталығында мәдени-тұрмыстық объектілер, ақшаңқап тұрғын үйлер көптен бой көтерді. 90-шы жылдары халыққа тұрмыстық қызмет бағытында кооперативте ұн таратын диірмен, шаштараз, байпақ басу, аяқ киім жөндеу цехтары жұмыс істеді. 5 жеке дүкен сауда қызметін көрсетті. 1992 ж. Қытай елінен 28 маман келіп, Сарыөзен жағасына 90 га жерге қант қызылшасын егіп, оның әр гектарынан 190ц өнім алуын қамтамасыз етті. Нәтижесінде 23 вагон қант заводына жөнелтіліп одан қыруар өнім алынды. Жақсыбай ауылдық округі - округке Жақсыбай ауылы мен Ақадыр елді мекені кіреді. Тұрғыны 1,5 мың адам (2011). Іргесі 1965 ж. Свердлов атындағы қой шаруашылығын ұйымдастыруға байланысты қаланды. Кейіннен (1997) округ бойынша «Өркен» өндірістік кооператив, 33 шаруа қожалығы құрылды. Ауылда орта мектеп, 3 мәдени объект, 2 фельдшерлік- акушерлік пункт бар. Ауылдық округ әкімдері: Қыдыров Қалимат (1993-1997жж.), Мұқамбетжанов Нұрлан (1997-2000 жж.), Айтуған Мирас (2000-2002 жж.), Қаратаев Алмат Бақытұлы (2002-2009 жж.), Қамашев Сырымбек Шамұратұлы (2009-2010 жж.), Қаратаев Айболат Бақытұлы (2010 жылдан). Жақсыбай елді мекенінің жер атаулары Әжікөл- бұл елді мекенде ауқатты адам тұрған. Ел оны Әжі- Әжібай деп атаған, ал көл атауы сол жердің ылди сулы болуына байланысты айтылған. Істәмәлі- бұл да кісі есімі. Ол өте жуан, алып денелі адам болған. Ат көтере алмаған соң арба жегіп жүрген. Ол кісінің дауысы алыстан ыңыранып естіледі екен. Бай, ауқатты болса да кеңпейілді, адамгершілігі жоғары, қайырымқор адам болған дейді. Шарифат заңымен 4 әйел алған. Сол елді мекенде 4 әйелі, 4 үй және балалары бөлек- бөлек шаңырақ құрған. Жұмысшы-жалшыларымен үлкен ел болып тұрған. Қазірдің өзінде ескі зираттар, қираған үйлердің қалдықтары бар. Шыныбай- бүгінде бұл елдімекенде ешкім тұрмайды. Шыныбайда өте бай, жылқышы адам болған. Елтай- бұл қыстау. Құнаншапқан- бұл елдімекен күні кешеге дейін болды. Бұл ерте заманда құнан бәйге жарысы болған. Сондықтан да құнан шабатын жазық жер мағынасында айтылған. Әр ауыл өздерінің құнандарын қосып, 500- ден аса жылқы баласы 25 шақырым жерге бәйгеге шапқан. Жерлесіміз Ғ.Қараш осы елдерді аралап, елді бірлікке, ғылымға шақырған. 1921 жылы революционер қызылдар ғұлама ақын Ғ.Қарашты Құнаншапқанда қылышпен шауып

өлтірген. Бұл ақынның сүйегі туған жерімізде жатқанын растайды. Жалпақбас пен Зәкір- бұларда адам аттары. Екеуі көршілес тұрған, елге сыйлы ақсақалдар болған.

Айдарлы- шоқ төбелі дөңесті жер дегенді білдіреді. Негізінен жылқы малы өсірілген мекен.

Көшекбай- Жақсыбай өзенінің бойында бұл кісінің зираты бар. Балалары заман тынышталғанна кейін келіп, белгі қойған. Көшекбайдың ұрпақтары бұл күнде Алматы қаласында тұрады. Бұл кісі біздің жерлесіміз, ол бай, ауқатты болғаны үшін кінәлі емес. Байларды кәмпескілеу кезінде Көшекбайды өлтіріп, денемін құдыққа байлап кетеді. Ұрпақтары айдалып, жер ауып кеткен. Ол да жылқылы адам болған. Бірыңғай көк жылқыдан үйірі болған. Сонда Көшекбай айтады екен: Көкаланың үйірі су ішкенде Жақсыбайдың суы екі елі түседі деп. Оған балалары 1965 жылы ауылға келіп белгі қойған. Сол ескерткіш әлі күнге дейін ауылымызда бар.